

2020-2021	9	4	2	0
-----------	---	---	---	---

Өткен оқу жылында облыстық біліктілікті арттыру институтында қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарынан 6(66,6%) педагог білім жетілдіру курстарынан өтті.

Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы арттырады-бұл әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жанашыл әдістемелік әдебиеттерді оқу, қалалық баспаларға өз мақалаларын және кеңестерін, және ашық ҰОҚ-ін жариялау.

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымында іс-жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымында кадрлардың жеке іс қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды да жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай.

Әр оқу жылында мектепке дейінгі ұйым педагогтері түрлі тақырыптағы республикалық ғылыми тәжірибелік конференцияларға, облыстық семинарларға қатысып, жұмыстарын жариялауда.

- «Білім берудің жаңартылған мазмұны : негізгі аспектілері мен болашағы» республикалық ғылыми әдістемелік конференция -5 педагог
 - «Отбасы тәрбиесі тұлғаны дамытудың негізгі ретінде» облыстық семинар-3 педагог
 - «Ақтөбе ұстазы» облыстық газетіне мақала-1 педагог
 - «Спорт жұлдыздары» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы-2 педагог
 - «Дала сазы» республикалық байқау. Алғыс хат-1 педагог
 - «Үркер» республикалық байқауы. Диплом-3 педагог
 - «ONER ONLINE» республикалық шығармашылық байқауы-1 педагог
- Қызмет бабында жазаланған педагогтар тіркелмеген. Ұжым арасында салауатты моральдық –психологиялық ахуал қалыптасқан.
- Сонымен қатар МДҰ тәрбиеленушілері республикалық, облыстық, қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді.
- «Спорт жұлдыздары» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы. Диплом 1 орын 2018 жыл
 - «Ақтөбе қалас мектепке дейінгі ұйымдары арасында ұлттаралық мәдениет фестивалі». Алғыс хат. 2018 жыл
 - Облыстық «Ерке Театр Ақтөбе» балалар театр фестивалі» Диплом. 2018 жыл
 - «Сұлу көктем» шығармашылық байқауы. Диплом ІІІ дәрежелі. 2018 жыл
 - «Дала сазы» республикалық байқауы. Диплом. Бас жүлде. 2020 жыл
 - «Дала сазы» республикалық байқауы. Диплом 1 орын 2020 жыл
 - «ONER ONLINE» республикалық шығармашылық байқауы Диплом. 1 орын 2020 жыл
 - «ONER ONLINE» республикалық шығармашылық байқауы Диплом. 2 орын 2020 жыл
 - «Үркер» республикалық зияткерлер байқауы. Диплом. 2021 жыл

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымының жылдық жоспарына сәйкес оқу жылы барысында 5 рет педагогикалық кеңес ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес отырыстарында хаттама толтырылған. Педагог кадрлар жұмыстарының сұрақтары өндірістік отырыстарында қарастырылады. Педагогикалық процестің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі жұмыс нәтижесін сараптау болып саналса, мектепке дейінгі ұйымда әр жылға оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша педагогтар мен тәрбиеленушілердің мониторингі жасалған.

МДҰ әкімшілігі қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі ережелерін балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқауын сақтауды қатаң назарға алады. Токсан сайын қызметкерлермен нұсқаулықтар жүргізіледі.

МДҰ әкімшілігі мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңарту, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізеді.